

Қоғамдық кеңестердің есеп беру мәселелері бойынша:

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның (*бұдан әрі – Заң*) 4-бабына сәйкес, қоғамдық кеңестер қызметінің негізгі қағидаттарының бірі **жариялылық қағидаты болып табылады.**

Қоғамдық кеңес жұмысының жариялылығы халықты **ҚК-дің** азаматтық қоғаммен және **мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының** нәтижелері, ҚК-дің құрамы, отырыстардың күн тәртібі, қабылданған шешімдер және қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер туралы хабардар ету жолымен жүзеге асырылады.

Заңның 1-бабына сәйкес қоғамдық кеңестер орталық мемлекеттік органдар мен **жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қатысуымен** құрылады.

Бұның өзі жергілікті деңгейдегі қоғамдық кеңестерге **тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қоғамдық кеңестері** кіретінін білдіреді (*Заңның 1-бабы 6-тармағы*).

ҚК-дің мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы негізгі диалог алаңы болып табылатынын назарға ала отырып, олардың өзара тығыз іс-қимылы халық пен азаматтарды бірлесіп атқарған қызмет туралы кеңінен хабардар ету жолымен жүзеге асырылады.

Мұндай іс-шаралардың барлығы оқыту семинарларын, консультацияларды өткізу, тәжірибе алмасу, бірлескен отырыстар өткізу, азаматтардың өтініштерін қарау, қоғамдық бақылау нысандарын іске асыру, жарияланымдарды орналастыру, сұрау салулар беру және өзге де тәсілдер арқылы жүргізіледі.

Қоғамдық бақылаудың төрт нысанын іске асыру Заңның 19-бабында көзделген тетіктер арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қоғамдық кеңестердің қызметі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган болып табылатынын хабарлаймыз.

Министрліктің өкілеттік шеңберіне қоғамдық кеңестердің қызметі мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру, барлық деңгейдегі ҚК қызметін үйлестіру және әдістемелік сүйемелдеу кіреді.

Өз өкілеттіктерін іске асыру барысында Министрлік мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен, сондай-ақ қоғамдық кеңестермен өзара тығыз байланыста жұмыс атқарады.

Сондай-ақ, Министрліктің үйлестіруші рөлі тұрақты негізде ҚК құрамдарына мониторинг пен талдау жүргізу және олардың қызметінің қорытындыларын жинақтау болып табылады.

ҚК-дің қызметіне мониторинг жасау шаралары жыл сайын Мемлекет басшысына енгізілетін Қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндаманы әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

Баяндамада барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер қызметінің барлық бағыттары мен олардың құрамдары бойынша жұмыс нәтижелері қамтылған.

Баяндаманы дайындау барысында талдамалық және статистикалық деректер, зерттеу нәтижелері, сұраулар, сұхбаттар, үнемі жаңартылып отыратын көрсеткіштер индикаторлары пайдаланылады.

Сонымен қатар, ҚК-дің оң тәжірибесін насихаттау, сондай-ақ шешуді талап ететін мәселелер бойынша кері байланыс орнату мақсатында барлық ҚК үшін бірыңғай портал - kazkenes.kz сайты жасақталды.

Сайт толығымен ҚК-дің қызметіне арналған, онымен танысып білу үшін бұл сайт тек ҚК мүшелері үшін ғана емес, республиканың әрбір азаматы үшін де қолжетімді болып табылады.

Бұдан басқа, барлық деңгейдегі ҚК мүшелері өз қызметі туралы халықты БАҚ және (немесе) интернет-ресурстар арқылы **жылына кемінде екі рет хабардар етуге тиіс** (Заңның 7 - бабы 2-тармағы 3)-тармақшасы).

Алайда, мониторинг нәтижелері қоғамдық кеңестердің қажетті ақпаратты жүйелі түрде орналастыра бермейтінін, тиісінше орналастырылған ақпараттың өзекті болмайтынын және ҚК-дің құрамы, олардың қабылданған шешімдері туралы және басқалай қажетті мәліметтер жоқ екенін көрсетеді.

Осыған байланысты, Министрлік өз өкілеттігі шеңберінде ҚК құрамы, олардың қызмет нәтижелері туралы ақпаратты олардың қатысуымен құрылғандықтан, жергілікті мемлекеттік басқару органдары арқылы сұрау салу жолымен алуды іске асырып келеді.

Өңірлерден алынған ақпарат Ұлттық баяндаманы, өзге де бағдарламалық құжаттарды әзірлеу барысында, сондай-ақ қоғамды, халықты және жоғары тұрған мемлекеттік органдарды хабардар ету үшін жасалатын жиынтық ақпаратты дайындау кезінде пайдаланылады.

Сондықтан, осы орайда уәкілетті органның, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдардың және азаматтық қоғамның бірлесіп жұмыс атқаруының өте маңызды екенін атап өтеміз. Мұндай өзара іс-қимыл халықтың ҚК институтына деген сенім деңгейінің артуына алып келеді және олардың қызметіне халықтық, қолжетімді, ашық сипат береді.

По вопросу подотчетности общественных советов:

В соответствии со статьей 4 Закона «Об общественных советах» (*далее – Закон*), одним из основных принципов деятельности общественных советов является **принцип публичности**.

Публичность работы Общественного совета осуществляется путем информирования населения о результатах **его взаимодействия** с гражданским обществом и **государственными органами**, составе ОС, повестке дня заседаний, принятых решениях и других вопросах, имеющих общественную значимость.

В соответствии со статьей 1 Закона, общественные советы создаются с участием центральных государственных органов и **органов местного государственного управления**.

Это означает, что к общественным советам местного уровня относятся общественные советы соответствующей **административно-территориальной единицы** (*пункт 6, статьи 1 Закона*).

Принимая во внимание, что ОС являются основной диалоговой площадкой между государственными органами и гражданского общества, то в таком случае их тесное взаимодействие осуществляется путем широкой информированности населения и граждан о совместной деятельности.

Такие мероприятия включают в себя проведение обучающих семинаров, консультаций, обмен опытом, проведение совместных заседаний, рассмотрений обращений граждан, реализацию форм общественного контроля, размещение публикаций, подачи запросов и иных способов.

Реализация четырех форм общественного контроля осуществляется посредством механизмов, предусмотренными статьей 19 Закона.

Кроме того сообщаем, что Министерство информации и общественного развития является уполномоченным органом по вопросам деятельности общественных советов.

В круг полномочий Министерства входит реализация государственной политики по вопросам деятельности общественных советов, координация и методическое сопровождение их деятельности на всех уровнях.

В ходе осуществления своих полномочий, Министерство взаимодействует как с государственными и негосударственными органами, так и с общественными советами.

Вместе с тем, координирующая роль Министерства заключается в проведении на регулярной основе мониторинга и анализа, как составов ОС, так и подведение итогов их деятельности.

Мониторинговые мероприятия деятельности ОС осуществляются посредством подготовки Национального доклада о деятельности общественных советов, который ежегодно вносится Главе государства.

Доклад содержит результаты работы общественных советов всех уровней по всем направлениям деятельности и их составов.

В процессе подготовки Доклада используются аналитические и статистические данные, результаты исследований, запросов, интервью, индикаторы показателей, которые регулярно обновляются.

Кроме того, для освещения положительной практики ОС, а также получения обратной связи по вопросам, требующим решения был создан единый портал для всех ОС – сайт kazkenes.kz.

Сайт полностью посвящен деятельности ОС, куда доступ имеют не только члены ОС, но и каждый гражданин республики.

Кроме того, члены ОС всех уровней должны информировать население о своей деятельности через СМИ и (или) интернет-ресурсы не реже двух раз в год (*пп.3) пункта 2 статьи 7 Закона*).

Однако, итоги мониторинга показывают, что не всегда общественные советы размещают необходимую информацию, зачастую размещенная информация остается не актуальной, отсутствуют составы ОС, сведения о принятых решениях и т.д.

В связи с этим, в рамках своих полномочий Министерство запрашивает полную информацию о работе ОС путем запросов через органы местного государственного управления, с участием которых были образованы составы ОС.

Полученная информация с регионов используется при подготовке Национального доклада, иных программных документов, а также при подготовке сводной информации для ознакомления общества, населения и вышестоящих государственных органов.

Поэтому здесь очень важна совместная работа уполномоченного органа, центральных государственных органов, органов местного самоуправления и гражданского общества. Такое взаимодействие приводит к повышению уровня доверия населения к институту ОС и придает открытый, доступный, прозрачный характер.